

ТОО « Жетістік мектебі КЕРІМ-АЙ»

Тақырыбы:

«ӨРТ ҚАУІПТІ»

(Ашық оқу қызметі)



«Құлыншак» тобы

Дайындаған: Кадирова Н.М

Ақтөбе қаласы

2022 жыл

Тақырыбы: «Өрт қауіпті»

Максаты: Төтенше жағдайлар, жөнінде білімдерін кеңейтіп, олардан сақтану жолдарымен, балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, сонымен қатар оның тілсіз жау екендігін түсіндіру. Балаларға оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сіріңке, оттық т.б қатерлі заттардан аулақ болуға тәрбиелеу.

Керекті құралдар: тақырыпқа сай слайд, суреттер.

Өтілу барысы:

Балаларға жұмбақ жасыру:

Бір нәрсе жоғарыда от жағып тұр,
Дабылдатып дабылын ол қағып тұр,
От жағып, дабыл қағып тұрғанында,
Сабалап төмен қарай су ағып тұр.

— Ол не екен балалар?

-Жаңбыр, найзағай

— Балалар жаңбыр, найзағай – олар табиғи құбылыстарға жатады екен. Табиғи құбылыстар әр түрлі болып келеді. Жаңбыр жауса жерге шөптер шығады, шаң – тозан болмайды. Алайда жаңбыр көп жауса, адамға келтірер зияны көп болмақ. Балалар бүгін біз осы табиғатта болатын төтенше жағдайлар туралы әңгімелеспекпіз.

Бүгін балалар мен сендерге Өрт туралы айтып бермекшімін. Оттың пайдасы мен зияны туралы қорыту

1. Сіріңке мен оттықпен ойнамауымыз керек.

Олар өртке әкеліп соқтыруы мүмкін.

2. Газ плитасына жақындамау керек.

3. Газ плитасы жанып тұрған кезде асханада жалғыз қалмау.

4. Разеткаға жақындама, оған әрбір заттарды тықпа, әйтпесе ток ұрады.

5. Аулада от жақпа ол өртке әкеліп соғуы мүмкін.

Отпен жұмыс істегенде абай болу керек; Қоқысты үйге, аулаға, орманды жерлерге өртеуге болмайды; өрт болған жағдайда телефон арқылы 101 нөміріне қоңырау шалу керек.

Біздің пәтерлерде, балалар тез жанып кетуі мүмкін қауіпті заттар көп, сондықтан барлық үлкендер және балалар отпен өте сақ болулары қажет. Ауқымды жиһаз, киім, ойыншықтарын және адам да жанып кетуі мүмкін. Балалар, егер бұндай өрт болған жағдайда біз қайда телефон соғуымыз керек?

Балалар: Өрт сөндіру бөлімшесіне

Қандай нөмірге? (101) Әр азамат біледі, Өрт кезінде, өрт кезінде «101-ді» тереді.

Бұл нөмерді бірге теріп көрейік.

Балалар: Телефоннан 101 нөмерін тереді.

Өрт сөндіретін машинаны қалай атайды?

Балалар: Ойыншық өрт сөндіретін машинасын көрсетеді

Қарап өрт сөндіру машинасы басқа машиналардан ерекшеленетінін айтыңдар.

Балалар: Ол қызыл түсті, сатысы бар, жүріп бара жатқанда дабыл шығады.

Дабыл қалай? (У-у-у, у-у-у)

Тәрбиеші: Өрт сөндіретіндерді қалай атайды?

Балалар: Өрт сөндіруші

Өрттің шығу себептері: 1. Шылымның тұқылын сөндірмей тастаса; 2. Шырпымен ойнаса; 3. Үтікті қосып кетіп қалса; 4. Газды ашық қалдырып кетсе;

Тәрбиеші: Ойын: «Болады — болмайды» Ойынның шарты: Қолдарыңа бағдаршам алыңдар. Қызыл түсті — болмайтын жағдайда көтересіңдер, ал жасыл түсті — болатын жағдайда көтересіңдер.

Өрт болғанда 101 нөміріне қоңырау шалуға.....Жанып тұрған сіріңкені тастауғаҮлкендерді айқайлап көмекке шақыруға.....Өрт шыққан жерде қалуғаӨрт кезінде керует астына , шкаф ішіне тығылуғаӨрт кезінде жарға, еденге су шашуға.....Қорықпай өрт сөндірушінің айтқанын тыңдауғаӨрт кезінде газды ,жарықты,тоққа қосылатын құралдарды қосуға.....

Тәрбиеші:Балалар естеріңде болсын, өрт кездейсоқ шықпайды, ол дұрыс пайдаланбағаннан болады.Бүгін сендер оттың дос та ,жауымыз да бола алатынына көз жеткіздіңдер.

Сергіту сәті.

Қане, қызық ойындар
Қатарласа қойындар.
Отырындар, тұрындар.
Маған мойын бұрындар.
Қолымызды жаяйық
Құстай қанат қағайық
Аяқты бір басындар.
Қане, тағы, тағы да
Қол соғайық жабыла
Қане, тағы, тағы да

Такпақтар:

Алишер:От жақпа күйерсің,
Өртеніп жүрерсің.
Сіріңкені ұстасаң,
Бәлеге сен түсерсің.

Ералы:Кешір,досым, қателестім.
Шырпыны ұстап, көктемеспін.
Ата–ананың рұқсатынсыз
Сіріңкеге беттемеспін.

Хан:Алындар ұғып, балалар,
Істері кейде шалалар.
Шырпы, оттық, электрге
Шама келсе жоламандар.

Қорытынды:

Балалар сіздерге сабақ ұнадыма?
Төтенше жағдай болған кезде не істеуіміз керек?
Өрт сөндіру телефоны неше?
Дәрігерге қалай хабарласамыз?
Өрт шыққан жағдайда не істеуіміз керек?
Осымен бүгінгі біздің ашық оқу қызметіміз аяқталды.Сау болыңыздар.

«ӨРТ ҚАУІПТІ»

